

# ТЕЖЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚЫЗМЕТІ

- Автомобильдің тежеуіш жүйесі автомобиль қозғалысының жылдамдықтарын бәсеңдету, тоқтату және қозғалыссыз жағдайда ұстау үшін қызмет етеді. Тежеуіш жүйесі тежеуіш механизмі мен жетектен тұрады. Тежеуіш механизмдер дөңгелектерде немесе беріліс қорабының жетекші білігіне орналасқан. Бірінші жағдайда тежеуіш механизм дөңгелекті, екінші жағдайда — орталықты деп аталады.

а)

Төмеуін барабан  
Тірек саусақтары


Фрикцион бастырмалы  
қалып



Ажырату тетігі

б)

Таянышты тежеу дискісі



Тарту серіппесі

- Автомобильдерде бір-біріне тәуелсіз екі тежеуіш жетек қолданылады. Бір жетек педаль арқылы (аяқ тежеуіш), екіншісі — қол рычагы (қол тежеуіш) арқылы жүзеге асырылады. Аяқ тежеуіштің педальінен автомобильдің барлық дөңгелектеріндегі тежеу механизмі іске қосылады. Аяқ тежеуіш жүріп келе жатқанда тежеу үшін, ал қол тежеуіш аялдамалар мен машина тұратын орындарда автомобильді тежеп тұру үшін қолданылады.

**Тежеу механизмдеріне түсетін күш тікелей гидравликалық, пневматикалық және механикалық жетектер арқылы беріледі.**

- Тежеуіштің гидравликалық жетегі педальдан, тежеуіш сұйық үшін резервуары бар басты тежеуіш цилиндрден, гидровакуумды күшейткіштен, бөлгіштен жалғастырғыш трубо-проводтан, шлангалардан және дөңгелекті тежеуіш цилиндрлерден тұрады
- Тежеуіш педаль мен штоктың-әсерінен бас тежеуіш цилиндрінің тежеуіш сұйықты қысып, оны дөңгелектің цилиндрлеріне ауыстырады. Сұйықтың қысымымен пор-шеньдер жылжып, қалыптарды ашып, оларды тежеуіш барабандарға қысады. Педальды босатқан кезде сұйық-тың қысымы азайып, қалыптар серіппенің тартуымен жиналады да, сұйық бас тежеуіш цилиндрге қайта оралады. Гидровакуумды күшейткіш педальды басып тежегендегі күшті азайтуға, ал бөлгіш алдыңғы және артқы дөңгелектерге тежеуіштің әсер етуі үшін керек

- Тежеуіштің пневматикалық жетегі көп жүк көтеретін жүк автомобильдеріне қойылады. Пневматикалық жетекке компрессор, манометр, қысым реттегіші, ауа баллондар, тежеуіш кран, тежеуіш камералар, ажыратқыш кран, жалғаушы қалпақша, ауа өткізгіш түтіктер және жалғағыш шлангалар жатады.
- Двигательдің жұмысы кезінде компрессор баллондарға ауа жинайды. Педальды басу арқылы автомобильдің тежеуіші дөңгелектердің тежеуіш камералары мен баллондарды жалғастыратын краны іске қосылады. Тежеуіш камералардың диафрагмалары ауаның қысымымен майысып, штоктар мен рычагтардың көмегі арқылы белетін жүдырықшасы бар білікті бұрайды; қалыптар ажырап, тежеуіш барабаиға қысылады да дөңгелектерді тежейді Педальды босатқан соң тежеуіш кран ауа баллонынан қысылған ауаның келуін тоқтатып, тежеуіш камераларды атмосферамен жалғастырады, серіппелердің көмегімен қалыптар қайта бірігіп, дөңгелектерді тежеуді тоқтатады.